



ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

7-БЕТ | РУХАНИЯТ



ФОТОКӨРМЕДЕ – ҚАЛА ТАРИХЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
августа



ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

ГОЛОСУЙ
ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!



www.election.gov.kz

№87
(4985)
Сенбі
25 шілде
2026 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



МЕДИЦИНА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ – ҰДАЙЫ НАЗАРДА

Жыл өткен сайын тұрғындар саны көбейіп жатқан елордада медицина инфрақұрылымын дамытуға ерекше маңыз беріліп отыр. Бүгінгі таңда Астанада 58 денсаулық сақтау ұйымы тұрақты қызмет көрсетуде. Сондай-ақ 2026-2029 жылдары бас қалада медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға бағытталған бірнеше жаңа нысанның құрылысы жүргізіледі.



фото: astanallife.kz

КЕЛЕШЕКТІҢ КӨЛІГІ

Астанада алғаш рет электр қуатымен ұшатын аэротакси сынақтан өтті.

Аэротаксидің ұшу сәті қазақстандық Alatau Advance Air Group Ltd. (AAAG) компаниясы Қытайдың AutoFlight компаниясымен бірлесіп өткізілді. Көрсетілім барысында AutoFlight Prosperity тік көтеріліп, тік қона алатын электрлі eVTOL әуе аппаратын таныстырды. Аэротакси бір ұшқыш пен бес жолаушыға арналған. Келешекте ұшқышсыз ұшу жобасы да қарастырылып жатыр. Оның ең

жоғары жылдамдығы – сағатына 200 шақырым, ал бір қуатта шамамен 200 шақырымға дейін ұша алады. Аппарат 13 электр қозғалтқышымен жабдықталған. Соның арқасында кәдімгі тік ұшақтарға қарағанда дыбысы әлдеқайда бәсең әрі атмосфераға көмірқышқыл газын шығармайды. Алғашқы ашық көрсетілім халықаралық қауіпсіздік талаптарына сәйкес жолаушыларсыз өткізілді.

ЕЛ БАЛАЛАРЫ ЕЛОРДАНЫ ТАМАШАЛАЙДЫ

Елордада «Астана – менің Отанымның елордасы» атты әлеуметтік тур басталды.


Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Astana Tourism» туризмді дамыту орталығы ұйымдастыратын жоба аясында еліміздің барлық өңірінен 500 бала арнайы келіп, Астананың

көрікті жерлерін, мәдени-рухани, ойын-сауық нысандарын тамашалайды. Кеше әлеуметтік турдың алғашқы қатысушылары – Атырау облысынан келген балалар үш күндік мәдени-та-

нымдық экскурсияны бастады. Балдырғандардың Астана туралы танымын кеңейтуге, отансүйгіштікке тәрбиелеуге бағытталған әлеуметтік тур жаз мезгілінің соңына дейін жалғасады.



фото: www.gov.kz



КОЛПОК

САЙЛАУ УЧАСКЕСІН ОНЛАЙН БІЛЕ АЛАСЫЗ

Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауы 23 тамыз күні өтеді. Елорда тұрғындары өздерінің сайлау учаскесін онлайн біле алады.

Сайлау учаскесі туралы мәліметті нақты уақыт режимінде келесі тәсілдер арқылы білуге болады:

- Ресми веб-сервис арқылы: <https://sailau.astana.kz>
- Telegram чат-боты арқылы: https://t.me/sailau_astana_bot
- iKomek бірыңғай байла-

ныс орталығының 109 нөмірі арқылы

Айта кетейік, азаматты белгілі бір сайлау учаскесі бойынша сайлаушылар тізіміне енгізу – оның сол сайлау учаскесінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша тіркелуі.

«БОЛАШАҚ ОЙЫНДАРЫ» – ЕРЕКШЕ ЖАРЫС

Бас қаламызда ірі халықаралық спорт турнирлерінің бірі – «Болашақ ойындары-2026» (Games of the Future 2026) додасы өтеді.

29 шілде мен 9 тамыз аралығында өтетін классикалық спорт пен цифрлық технологияларды ұштастыратын сайыстарда әлемнің түкпір-түкпірінен келетін спортшылар бақ сынайды. Қатысушылар 12 күн бойы фиджитал-футбол, баскетбол, хоккей, жекпе-жек, бокс, би бағыттары, шутерлер, Battle Royale, MOBA, дрон жарысы, Battle Bots және жаңа форматтағы өзге де спорт түрлерінен сайысқа түседі. «Болашақ ойындары-2026» Қазақстан үшін жылдың ең ірі халықаралық оқиғаларының

біріне айналмақ. Турнирге әлемнің әр елінен жүздеген спортшы мен мыңдаған жанкүйер келеді деп күтілуде. Осылайша Астана екі апта бойы фиджитал-спорттың әлемдік орталығына айналады. Көрермендерге турнирдің жеке күндеріне де, бірнеше жарыс күніне де билет сатып алу мүмкіндігі қарастырылған. Жарыс кестесімен танысып, өзіңізді қызықтыратын дисциплиналарды тандап, билеттерді «Болашақ ойындарының» ресми сайтынан алуға болады: <https://astana2026.gofuture.games/ru>

25-26 ШІЛДЕ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Мұнда көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді. Мекенжайы: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 531.08 \$ USD/KZT 465.74 ₸ RUB/KZT 5.92 ¥ CNY/KZT 68.79

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



Шілдедегі үш аптаның қорытындысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары (ӘМАТ) бағасының орташа индексінің -0,1%-ға төмендеуі жыл басынан бері алғаш рет тіркелді. Бұл дерек Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен ӘМАТ пен инфляция бағасын тұрақтандыру мәселесі жөніндегі кеңесте айтылды.

ASTANA AQSHAMY

МҰҚТАЖ ЖАН ҚОЛДАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы «Құқықтық мемлекет және мүгедектігі бар адамдардың құқығын қорғау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Іс-шара Астана қаласының «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету жөніндегі өңірлік жобалық офисінің іс-шаралар жоспары аясында ұйымдастырылды.



– Кездесудің мақсаты – әлеуметтік қолдаудың өзекті тегігін талқылау және қолжетімді қалалық ортаны қалыптастыру, азаматтарды спорт және қоғамдық бастамалар арқылы оңалту мен қоғамға іріктіру мәселелерін қарастыру. Бүгінгі таңда елордада шамамен 41 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тұрады, оның ішінде 12 мыңы – балалар. Бұл көрсеткіш жыл сайын 14-20%-ға артып келеді. Осыған байланысты келелі сауалдарға спикерлер тарапынан тұшымды жауаптар берілді. Қай уақытта да мүмкіндігі шектеулі жандарға барлық мүмкіндік қарастырылады деп есептеймін, – деді Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Әйгерім Тәңірбергенова.

Қазіргі таңда елордада арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін 15 орталық жұмыс

істейді. Онда арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж азаматтардың 100 пайызы, яғни 7655 адам қамтылған. Оның ішінде 7 мемлекеттік ұйымда 3790 адам, ал 8 үкіметтік емес ұйымда 3865 адам қызмет алууда.

– Бізде барлық жағдай қарастырылған. Мәселен, «Тарлан» мұз айдынын айтсақ, ол – заманауи, ықшам әрі жайлы жаттығу кешені, Орталық Азиядағы бірегей және ТМД елдері бойынша көрермендер аймағы бар төртінші жабық мұз кешені. Мұнда бейімделген киім ауыстыру бөлмелері, медицина кабинеті, демалыс және тамақтану аймағы бар. Осыған қарап-ақ толық мүмкіндік жасалғанын аңғаруға болады, – деді «Паралимпиадалық жаттығу орталығы» қоғамдық қорының атқарушы директоры Абдусатид Назаров.

Дөңгелек үстелге белсенді жастар, студенттер, еріктілер, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің, мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

АСТАНА ҚАЛАСЫНДА МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР ҮШІН САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

2026 жылғы 23 тамызға белгіленген Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауына дайындық аясында 23-24 шілде күндері Астана қаласында мүгедектігі бар адамдар үшін сайлау учаскелерінің қолжетімділігіне мониторинг басталды.

Мониторингті мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқығын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі жұмыс тобы Астана қаласының аумақтық және аудандық сайлау комиссияларының, жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері өкілдерінің қатысуымен жүргізуде.

Астана қаласында 403 учаскелік сайлау комиссиясы құрылған және мониторинг барлық сайлау учаскелерінде жүргізіледі. Негізгі мақсат – барлық санаттағы сайлаушылар үшін тең және кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету тұрғысынан сайлау учаскелерінің дауыс беруді ұйымдастыруға дайындығын бағалау.

Ерекше назар арнайы қолжетімділік жағдайларын қажет ететін мүгедектігі бар адамдардың үш санатына – тірек-қимыл аппараты, көру және есту қабілеті бұзылған азаматтарға қажетті жағдайлардың жасалуына аударылады. Мониторинг барысында кіреберіс топтарының қолжетімділігімен қатар, үй-жай ішінде өздігінен қозғалу мүмкіндігі, пандустардың, тұтқалардың, шақыру батырмаларының, тактильді бағыттағыштардың, қолжетімді дауыс беру кабинеттерінің, навигация элементтерінің және кедергісіз ортаны қамтамасыз ететін басқа да құралдардың болуы бағаланады.

Мониторинг қорытындысы бойынша жұмыс тобы анықталған ескертулерді жою жөнінде ұсынымдар әзірлейді. Ұсынымдар дауыс беру күніне дейін қажетті шараларды қабылдау үшін уәкілетті мемлекеттік



органдарға, жергілікті атқарушы органдарға және сайлау учаскелері орналасқан объектілердің басшыларына жолданады.

Сайлау учаскелерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету – сайлауға дайындықтың басым бағыттарының бірі. Астана қаласының аумақтық және аудандық сайлау комиссиялары мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасай отырып, әрбір азаматтың

сайлау құқығын іске асыруына қолайлы жағдай жасау жөніндегі жүйелі жұмысты жалғастыруда.

Барлық 403 сайлау учаскесінде мониторинг жүргізу олардың дайындық деңгейін уақытылы бағалауға, қолданыстағы кедергілерді жоюға және сайлауды ашықтық, теңдік және барлық сайлаушы үшін қолжетімділік қағидаттарына сәйкес өткізуге мүмкіндік береді.

аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы.

6. «Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №248/32-VII шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-74-05.

Т. ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы «Jaryq Aq-Jol» ЖШС, «Астана орманы» ЖШС, Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясымен бірлесіп, елорданың жасыл белдеуіне мыңға жуық Жетісу қырғауылын жіберді. Құстар Нұра ауданындағы айналма жол маңындағы орманды саябақ аумағына жерсіндірілді.

ЖАСЫЛ БЕЛДЕУГЕ ҚЫРҒАУЫЛ ЖІБЕРІЛДІ



Шапағат ӘБДІР

Елорданың жасыл белдеуі – қырғауылдардың тіршілігіне қолайлы табиғи орта. Мұндағы жасыл желектер, қамысты алқаптар, бұталар, жайылымдар және дөңді дақылдар өсетін аумақтар құстардың еркін тіршілік етуіне мүмкіндік береді. Экожүйе биоалуантүрлілікті сақтап қана қоймай, табиғатты қорғау, рекреация және орман шаруашылығын дамыту тұрғысынан да маңызды рөл атқарады.

Жетісу қырғауылдары жергілікті климатқа жақсы бейімделген, аязға төзімді құстардың қатарына жатады. Оларға ерекше күтім қажет емес, тек қыс мезгілінде қосымша азықтандыру жүргізіледі. Табиғи ортада олар, негізінен, өсімдік тектес азықпен – тұқымдармен,

жидектермен, тамырлармен және жасыл өсімдіктермен қоректенеді, жәндіктерді де азық ретінде пайдаланады.

Қырғауылдар елорданың орманды саябақ аймағында орналасқан арнайы фазанарийде өседі. Мамандар құстардың жағдайын тұрақты бақылауда ұстап, оларды табиғи ортаға бейімдеу жұмысын жүйелі түрде жүргізеді.

– Жасыл белдеуді дамыту – қаланың экология тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды бағыттарының бірі. Қырғауылдарды табиғатқа жіберу биоалуантүрлілікті сақтауға, экожүйенің табиғи тепе-теңдігін нығайтуға және зиянкестердің санын табиғи жолмен азайтуға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасады, – деді басқарма басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Уәлихан Қуанышев.

СТУДЕНТТЕРГЕ ТАРТЫМДЫ ҚАЛА

Астана мен Алматы халықаралық QS Best Student Cities 2027 рейтингінде өз позициясын жақсартып, Қазақстанның өңірлік жоғары білім беру орталығы ретіндегі тартымдылығының артып келе жатқанын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Алматы бірден 13 сатыға көтеріліп, әлемде 78-орынға ие болды. Бұл – Қазақстан қалаларының рейтингке қатысу тарихындағы ең жоғары нәтиже және Орталық Азия қалалары арасындағы үздік көрсеткіш. Астана да өз позициясын нығайтып, 8 сатыға жоғарылап, 119-орынға орналасты. Осылайша, Қазақстанның екі қаласы да өңір көшбасшыларының қатарына енді.

Халықаралық QS Quacquarelli Symonds талдау агенттігі жариялайтын QS Best Student Cities

рейтингі қалаларды 6 негізгі көрсеткіш бойынша бағалайды: университеттердің академиялық беделі, қаланың тартымдылығы, түлектердің еңбек нарығындағы сұранысы, білім алу мен өмір сүрудің қолжетімділігі, студенттік қауымдастықтың халықаралық әртүрлілігі, сондай-ақ студенттердің пікірлері. Зерттеуге халық саны мен QS World University Rankings 2027 рейтингіне енген жоғары оқу орындарының болуы жөніндегі талаптарға сәйкес келетін әлемнің 150 қаласы енгізілді.

ХАБАРЛАМА

«Астана қаласы әкімдігінің аппараты» атынан «Астана шаруашылық басқармасы» ЖШС-нің 07.07.2026 жылғы жалғыз қатысушысының шешімі бойынша «Астана шаруашылық басқармасы» ЖШС BSN 120340003574 жарғылық капиталдың мөлшері 19 147 619 (он тоғыз миллион жүз қырық жеті мың алты жүз он тоғыз) теңге 77 (жетпіс жеті) тиынға азайғаны туралы хабарлайды.



БАС ҚАЛА МЕДИЦИНАСЫ: БҮГІН МЕН БОЛАШАҚ

Осы жылдың 30 маусымындағы дерек бойынша елордада 1 695 055 адам тұрады. Болжамға сенсек, 2035 жылы бас қала тұрғындары 2 млн 270 мың болады. Қазірдің өзінде Астананың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымына түсіп жатқан жүктеме аз емес. Тұрғындар көбейген сайын оның да артатыны белгілі. Соның ішінде медицина инфрақұрылымын дамыту аса маңызды. Жуырда Астана қаласы мәслихатының отырысында елорданың денсаулық сақтау саласының қазіргі жағдайы, оны дамыту жоспарлары мен туындаған мәселелері талқыланды.

ЖҮЙЕНІ ДАМУ

Қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Айнұр Төлеуованың баяндауынша, бүгінде бас қалада барлығы 58 медицина ұйымы жұмыс істеп жатыр. Соның ішінде 13 емхана мен 11 аурухана бар. Жалпы алғанда, 13 мемлекеттік мекеме, 2 ведомстволық мекеме, 30 ведомствоға бағынысты медицина ұйымы алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетеді.

Отырыста денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту мәселелеріне айрықша назар аударылды. Қазір тиісті жүйені кезең-кезеңімен ілгерілету жұмысы жалғасуда. Мәселен, биыл Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының базасында Нұра және Есіл аудандарында балалар травматология пункті ашылды. «Нұрлы жол» теміржол вокзалы маңында жекеменшік емхана жұмысын бастады. Ал тамыз айында заманауи қабылдау-диагностика кешенін іске қосу жоспарланып отыр.

Жалпы осы саладағы жоспарларды іске асыру шеңберінде

жаңа емханалар салу, биыл және алдағы үш жылда денсаулық сақтау нысандарына күрделі жөндеу жүргізу көзделген. Сондай-ақ медицина ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту және оларды заманауи жабдықтармен жарақтандыру жұмысы жалғасады.

Атап айтқанда, 2026-2029 жылдары Астанада медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған жаңа денсаулық сақтау нысандарының құрылысы жоспарланған. Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту аясында Есіл ауданындағы Керей-Жәнібек хандар көшесі маңында, ал Нұра ауданында Роза Бағланова көшесі аумағында жаңа мемлекеттік емханалар салу жоспарланды. Сонымен қатар бірқатар жекеменшік емханалардың құрылысы көзделген. Бұл алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдар желісін едәуір кеңейтуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ елордада ересектерге арналған көпбейінді аурухана, жаңа перинаталдық орталықтар және жедел медицина жәрдем станциялары салынбақ.

ЦИФРЛАНДЫРУ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАДЫ

Ал қолданыстағы медицина ұйымдарына күрделі жөндеу жүргізу, материалдық-техникалық базаны жаңарту, заманауи медицина жабдықтарымен қамтамасыз ету, цифрлық шешімдерді енгізу және мамандандырылған медициналық көмекті дамыту жұмысы жалғасады. Осы жылдың өзінде 625 медициналық техника сатып алынды. Келесі жылы тағы 440 медициналық жабдық сатып алу жоспарланды.

Қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы цифрландыру мәселесін де назардан тыс қалдырмай отыр. Бұл жұмыс медицина қызметінің қолжетімділігі мен медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігін арттырады. Жоспарлардың қатарында №2 қалалық көпбейінді аурухана жанынан қабылдау-диагностика кешенін ашу бар. Осының арқасында сол жағалаудағы медицина инфрақұрылымы жақсарады, басқа медицина нысандарына түсетін жүктеме азаяды.

«Аталған жобаларды іске асыру медицина қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттырып, елорда тұрғындарын заманауи

әрі тиімді денсаулық сақтау жүйесімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» дейді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

Жиында мәслихат депутаттары бірқатар өзекті мәселені көтерді. Атап айтқанда, Сарыарқа ауданында аурухана салу перспективалары, «Көктал-1» тұрғын алабында мемлекеттік емхана ашу қажеттілігі, «Кирпичный» тұрғын алабы тұрғындарын қалалық емханаларға бекіту және қызмет көрсету мәселелері бойынша өтініші қаралды. №5 қалалық емхана базасында қанатқақты жобаны іске асырудың оң нәтижелеріне ерекше назар аударылды.

Мәселелердің қатарында елордада амбулаторлық көмектің қолжетімділігі әлі тиісті деңгейде емес. Сондықтан тағы 9 емханының құрылысын жүргізу қажет. Соның ішінде бұл медицина нысандары Нұра және Есіл аудандарында салынуы керек. Отырыс қорытындысында депутаттар денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруды, сондай-ақ одан әрі жұмысты іске асыру кезінде айтылған ұсыныстар мен ескертулерді ескеруді ұсынды.

№5 ҚАЛАЛЫҚ ЕМХАНА ТӘЖІРИБЕСІ

Ерекше атап өтерлігі, жақында ғана қалалық мәслихат депутаттары №5 қалалық емхананың жұмысымен танысты. Медицина мекемесіндегі пациенттерді қолдау қызметінің, «Шуақ» жастар денсаулық орталығының, әйелдер денсаулығы орталығының және шұғыл медициналық көмек бөлімшесінің жұмысын көрді. Онда медицина қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасы мәсе-



лелеріне айрықша көңіл бөлді.

№5 қалалық емхана директоры, қалалық мәслихат депутаты Алтыншаш Табулдинаның айтуынша, емханаға 60 мыңға жуық елорда тұрғыны тіркелген. Күнделікті бұл нысанға 1355 адам келеді. Оларды 100-ден астам дәрігер қабылдайды. Соның ішінде учаскелік дәрігерлер орташа есеппен күніне 700-ден аса пациентті қарайды.

«Заманауи емхана ауруларды емдеу ғана емес, бұл – профилактика, диспансерлік бақылау, вакцинация, диагноз қою, медициналық сауықтыру, үй жағдайында көмек беру, созылмалы аурулары бар науқастарды қарау. Осының бәрін үлкен команда жұмылды» дейді Алтыншаш Табулдина.

Қалалық мәслихат депутаты Сәуле Самидиннің пікірінше, №5 қалалық емханада қазіргі заманға сай келетін жұмыс жолға қойылды. Бұл медициналық көмектің қолжетімділігі мен нәтижелігін арттырып отыр.

«Емхана жұмысын ілгерілетуге жол ашқан үш шешімді айрықша атап өткім келеді. Алғашқысы – бірыңғай call-орталық пен мобильді бригадалар. Орталық өтініштерді қабылдап, жеделдікті анықтайды, пациенттер ағынын бақылап, мобильді бригадаларды жібереді немесе дәрігердің қабылдауына жазады. Бұл қабылдау уақытын үш күннен бір-екі күнге қысқартып, учаскелік дәрігерлердің жүктемесін азайтты. Екіншіден, жедел көмек қызметі жұмыс істейді. Бұл ауыр жағдайдағы пациенттерді тікелей қабылдап, денсаулығын жедел тексеруге жол ашты. Осы жұмыс көмек беру уақытын жылдамдатып, стационарларға түсетін жүктемесін төмендетті. Ал үшінші шешім – медбикенің қызметі кеңейді. Бұл емханада медбикеге өздігінен пациенттерді қарауға құзырет берілді. Нәтижесінде көмек беру ауқымы кеңейіп, профилактика сапасы артты» дейді Сәуле Самидин.

«КӨКТАЛДАҒЫ» МӘСЕЛЕ ШЕШІМІН ТАБУДА

Жақында Астана қаласы мәслихатының депутаты Бауыржан Смайылов «Көктал-1» тұрғын алабының тұрғындарымен кездесті. Жиынға Сарыарқа ауданының әкімі Жанасыл Шәукентаев, қалалалық басқармалар мен санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметінің өкілдері қатысты.

Мәслихат депутатының айтуынша, тұрғындарды алаңдатып отырған ең өзекті мәселелердің бірі – күкіртсутек иісінің таралуы.

«Бұл мәселе – менің тұрақты бақылауымда. Алғаш рет тұрғындар бұл мәселені менің сайлауалды кездесуімде көтерген еді. Содан бері ауқымды жұмыс атқарылды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрімен, еліміздің Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Айжан Есмағамбетовамен кездесулер ұйымдастырылып, мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің алаңында да қаралды» дейді Бауыржан Смайылов.

Оның мәлімдеуінше, қабылданған шешімдердің нәтижесінде ағынды суларды төгу нүктесі №41 мектеп ауданынан, яғни тұрғын алаптан тыс жерге көшірілді. №179 және №6 көріз сорғы станцияларындағы абсорбция сүзгілері ауыстырылды. Сүзгілерді келесі ауыстыру жұмыстары биылғы 13 тамызға жоспарланған.

«Бұл шаралар жағымсыз иістің деңгейін едәуір төмендетіп, тұрғын алаптағы эко-



логияны жақсартуға мүмкіндік береді. Қабылданған шаралардың тиімділігін бағалау мақсатында 13 тамыз күні дәл осы жерде тұрғындармен кезекті кездесуді өткіземіз деп келістік» дейді депутат.



ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІН ТЕКСЕРДІ

Астана қаласы мәслихатының депутаттары алдағы жылыту маусымына дайындық аясында «Астана-Теплотранзит» АҚ-ның инвестиция бағдарламасы аясында қайта жаңғырып жатқан жылу желілері нысандарын көрді.

Көшпелі мониторинг барысында М.Әуезов көшесінен Ә.Мәмбетов көшесіне дейінгі ТМ-10 жылу магистралі мен №121 жылу желісіндегі құрылыс-монтаж жұмысының барысы тексерілді.

Қалалық мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабденнің мәліметінше, 1998 жылдан бері пайдаланылып келе жатқан

бұл желілердің тозу деңгейі 85%-ды құрайды. Жалпы ұзындығы 1,2 шақырымнан асатын учаскелердегі жұмысты тамыз айының соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Ал 2026 жылға арналған инвестиция бағдарламасы аясында жалпы ұзындығы 7,6 шақырым болатын 17 нысанды реконструкциялау көзделген.

Қазіргі уақытта 12 нысанда жұмыс жүргізіліп, жоспарланған көлемнің 74%-дан астамы орындалған.

Депутаттар жұмыстардың сапасы мен мерзімінде аяқталуына ерекше көңіл бөліп, жылыту маусымына дайындық қалалық мәслихаттың тұрақты бақылауында екенін атап өтті.



САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗУ ҮШІН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА БАРЛЫҚ КАНДИДАТТАРҒА ШАРТТЫҚ НЕГІЗДЕ БЕРІЛЕТІН ҮЙ-ЖАЙЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

P/c №	Өткізілетін орны	Мекенжайы
1	2	3
1	Астана қаласы әкімдігінің жанындағы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Достық үйі» ғимараты	Бауыржан Момышұлы даңғылы, №26
2	Астана қаласы әкімдігінің «№29 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Максим Горький көшесі, №22, «Железнодорожный» тұрғын алабы Аманат көшесі, №5
3	Астана қаласы әкімдігінің «Мұстафа Шокай атындағы №51 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Алексей Петров көшесі, №8
4	Астана қаласы әкімдігінің «№28 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Шәкәрім Құдайбердіұлы даңғылы, №25
5	Астана қаласы әкімдігінің «№7 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Бұрабай көшесі, №38
6	Астана қаласы әкімдігінің «Бейімбет Майлин атындағы №52 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Илияс Жансүгірұлы көшесі, №1
7	Астана қаласы әкімдігінің «№114 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Бауыржан Момышұлы даңғылы, №5
8	Астана қаласы әкімдігінің «Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Қарқабат көшесі, №17
9	Астана қаласы әкімдігінің «Бауыржан Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Мұқан Төлебаев көшесі, №3
10	Астана қаласы әкімдігінің «№116 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Сәкен Сейфуллин көшесі, №59
11	Астана қаласы әкімдігінің «Технологиялық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Қамысты көшесі, №7
12	Астана қаласы әкімдігінің «№12 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Амангелді Иманов көшесі, №27А
13	Астана қаласы әкімдігінің «№119 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шолпан Иманбаева көшесі, №4
14	Астана қаласы әкімдігінің «Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Аменгелді Иманов көшесі, №37
15	Астана қаласы әкімдігінің «Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Мәлік Ғабдуллин көшесі, №7
16	Астана қаласы әкімдігінің «Жұмабек Төшенев атындағы №10 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Шөкен Айманов көшесі, №3
17	Астана қаласы әкімдігінің «Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Кенесары көшесі, №49
18	Астана қаласы әкімдігінің «№31 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Сәкен Сейфуллин көшесі, №50
19	Астана қаласы әкімдігінің «№8 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Александр Пушкин көшесі, №11
20	«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	«Пригородный» тұрғын алабы, Арнасай көшесі, №127
21	Астана қаласы әкімдігінің «Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы №24 жалпы білім беретін мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Сауран көшесі, №5/1
22	Астана қаласы әкімдігінің «Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Дінмұхамед Қонаев көшесі, №33/1
23	Астана қаласы әкімдігінің «Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Түркістан көшесі, №10/1
24	Астана қаласы әкімдігінің «Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Мәңгілік Ел даңғылы, №22/1
25	Астана қаласы әкімдігінің «Фариза Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Ұлы Дала даңғылы, №41/7
26	Астана қаласы әкімдігінің «Шейх Халифа бен Зайд әл-Нахаян атындағы №84 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	

27	Астана қаласы әкімдігінің «Шейх Тамир бен Хамад әл-Тани атындағы №85 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Қабанбай батыр даңғылы, №56/1
28	Астана қаласы әкімдігінің «Қалдыр Мырза Әлі атындағы №88 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Е321 көше, №18
29	Астана қаласы әкімдігінің «№75 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Мәңгілік Ел даңғылы, №28/1
30	Астана қаласы әкімдігінің «№96 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Гейдар Әлиев көшесі, №10а
31	Астана қаласы әкімдігінің «№33 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Әміре Қашаубаев көшесі, №28а, «Үркер» тұрғын алабы
32	Астана қаласы әкімдігінің «№45 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Төле би көшесі, №25/2
33	Астана қаласы әкімдігінің «№117 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Е 899 көше, №8
34	Астана қаласы әкімдігінің «№100 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Е 535 көше, №1
35	Астана қаласы әкімдігінің «№115 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Күлтегін көшесі, №18
36	Астана қаласы әкімдігінің «№110 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шыңғыс Айтматов көшесі, №4
37	Астана қаласы әкімдігінің «Кәсіптік-техникалық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Қорғалжын шоссесі, №22
38	«Барыс-Арена» көпфункционалды мұз айдыны сарайы	Тұран даңғылы, №57
39	«Алау» мұз айдыны сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Қабанбай батыр даңғылы, №47
40	Астана қаласы әкімдігінің «TANYM» көпфункционалды кешені» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Қайым Мұхамедханов көшесі, №26
41	Астана қаласы әкімдігінің «№102 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, №7
42	Астана қаласы әкімдігінің «№112 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	А102 көше, №39
43	Астана қаласы әкімдігінің «Мұхағали Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Темірбек Жүргенов көшесі, №29
44	Астана қаласы әкімдігінің «№73 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	А191 көше, №2
45	Астана қаласы әкімдігінің «№72 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, №25
46	Астана қаласы әкімдігінің «Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 жалпы білім беретін мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Нұрлыжол көшесі, №8
47	Астана қаласы әкімдігінің «№43 қосымша білім беру мектеп-орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Бастау көшесі, №2
48	Е. Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залы	Кенесары көшесі, №32
49	Астана қаласы әкімдігінің «Наз» би театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Алмалық көшесі, №1
50	Астана қаласы әкімдігінің «Жастар театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Илияс Есенберлин көшесі, №10
51	Астана қаласы әкімдігінің «Музыкалық жас көрермен театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Жақып Омаров көшесі, №476
52	Астана қаласы әкімдігінің «Міржақып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	«Көктал-2» тұрғын алабы, Құсмұрын көшесі, №2
53	Астана қаласы әкімдігінің «Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Әзербайжан Мәмбетов көшесі, №1
54	Астана қаласы әкімдігінің «№106 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Бейбарыс сұлтан көшесі, №15
55	«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Женіс даңғылы, №62
56	Астана қаласы әкімдігінің «Мажан Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Бердібек Соқпақбаев көшесі, №18/4
57	Астана қаласы әкімдігінің «Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Тарас Шевченко көшесі, №3

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА БАРЛЫҚ КАНДИДАТТАР ҮШІН БАСПА ҮГІТ МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ОРЫНДАРЫ

P/c №	Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар
1	2
1.	Бауыржан Момышұлы даңғылы, №5, Астана қаласы әкімдігінің «Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының алдында
2.	Рақымжан Қошқарбаев және Бауыржан Момышұлы даңғылдары қиылысында, Рақымжан Қошқарбаев ескерткішінің алдында
3.	Тәуелсіздік даңғылы, №32, Астана қаласы «Алматы» ауданының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының халыққа қызмет көрсету бөлімі ғимаратының алдында
4.	Бауыржан Момышұлы даңғылы, «Жерұйық» саябағына орталық кіреберіс алдында
5.	Бауыржан Момышұлы даңғылы, №10, «Рахмет» сауда үйі ғимаратының алдында
6.	Қаныш Сәтбаев және Алексей Петров көшелерінің қиылысында, «Евразия-1» сауда орталығы ғимаратына орталық кіреберістің оң жағында
7.	Қажымұқан және Алексей Петров көшелерінің қиылысында, «Орбита» сауда үйі ғимаратының алдында
8.	Абылай хан даңғылы мен Манас көшесінің қиылысында, «Встреча» сауда үйі ғимаратының алдында
9.	Абылай хан даңғылы, №5, аялдама павильонының сол жағында және «Әділ» сауда үйі ғимаратының алдында
10.	Қажымұқан мен Қаныш Сәтбаев көшелерінің қиылысында, Қаныш Сәтбаев ескерткішінің алдында
11.	Шәкәрім Құдайбердіұлы даңғылы, №25, Астана қаласы әкімдігінің «№7 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының алдында
12.	Илияс Жансүгірұлы көшесі, дом №8, «Аружан» сауда орталығының ғимаратына орталық кіреберістің сол жағында
13.	Абылай хан даңғылы мен Ғабиден Мұстафин көшесінің қиылысында, сквердің аумағында
14.	Қайрат Рысқұлбеков көшесі, «Алма» саябағының аумағында
15.	Ғабит Мүсірепов көшесі, №3, «Small» супермаркетіне орталық кіреберістің сол жағында
16.	Кенен Әзірбаев көшесі, №6/5, аялдама павильонының оң жағында
17.	Мұхамеджан Тынышбайұлы көшесі, №8, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы – «Нұрлы жол» теміржол вокзалы кешені» филиалы ғимаратының алдында, А-62 көшесінің бойында
18.	Тәуелсіздік даңғылы мен Жүмекен Нәжімеденов көшесінің қиылысында, «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының алдында, Жүмекен Нәжімеденов көшесінің бойында
19.	Рақымжан Қошқарбаев даңғылы, №26, «Отбасы банк» акционерлік қоғамы ғимаратына орталық кіреберістің алдында
20.	Қалибек Қуанышбаев көшесі, №8/1, Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының ғимаратына орталық кіреберістің алдында
21.	«Промышленный» тұрғын алабы, Шалқоде көшесі, «Stop» аялдама павильонының оң жағында
22.	«Интернациональный» тұрғын алабы, Мерекө көшесі, №1а, Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдында
23.	«Мичурино» тұрғын алабы, Бастау көшесі, орталық шағын баққа кіреберістің алдында
24.	«Күйгенжаз» тұрғын алабы, Жаңатұрмыс көшесі, №1/1, аялдама павильонының оң жағында
25.	«Железнодорожный» тұрғын алабы, Владимир Маяковский көшесі, орталық шағын бақтың сол жағында
26.	Шоқан Уәлиханов көшесі мен Абай даңғылының қиылысында, «Жаннұр» сауда үйі ғимаратының оң жағында
27.	Ақжол даңғылы, №28, «Астықжан» сауда орталығы ғимаратының орталық кіреберісінен оң жақта
28.	Алаш тас жолы мен Жолымбет көшесінің қиылысында, «Орталық базар» аялдамасы павильонының сол жағында
29.	Тайбырұл көшесі, №17, Астана қаласы әкімдігінің «№23 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына орталық кіреберістің оң жағында
30.	Қошқе Кемелгерұлы көшесі, №4, Астана қаласы әкімдігінің «№21 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратына орталық кіреберістің оң жағында
31.	Кенесары көшесі, №78, «Kaspi bank» акционерлік қоғамының бөлімшесі ғимаратының оң жағында
32.	Амангелді Иманов көшесі, №20, Астана қаласы «Байқоңыр» ауданының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының халыққа қызмет көрсету жөніндегі №5 бөлім ғимаратының сол жағында
33.	Александр Пушкин көшесі, №10/1, «Burger King» жылдам тамақтану мейрамханасы ғимаратының оң жағында
34.	Абай даңғылы, №80, «Magnum» супермаркеті ғимаратына орталық кіреберістің оң жағында
35.	Шоқан Уәлиханов және Амангелді Иманов көшелерінің қиылысында, «Алматы» іскерлік үйі ғимаратына қарама-қарсы
36.	Сәкен Сейфуллин және Шоқан Уәлиханов көшелерінің қиылысында, «Астаналық» сауда үйі ғимаратына кіреберістің сол жағында, Сәкен Сейфуллин көшесінің бойында
37.	Кенесары көшесі мен Республика даңғылының қиылысында, «Сұңқар» сауда үйіне қарама-қарсы, Республика даңғылының бойында
38.	Шоқан Уәлиханов көшесі мен Бөгенбай батыр даңғылының қиылысында, «Әлем» сауда орталығы ғимаратына орталық кіреберістің сол жағында
39.	Александр Кравцов және Шоқан Уәлиханов көшелерінің қиылысында, «Жастар» сауда үйі ғимаратына қарама-қарсы, Александр Кравцов көшесінің бойында

40.	Александр Кравцов көшесі мен Александр Пушкин көшесінің қиылысында, «Целинный шағын ауданы» аялдама павильонының сол жағында
41.	«Үркер» тұрғын алабы, Исатай батыр көшесі, №141/1, Астана қаласы әкімдігінің «Кемел Ақышев атындағы №69 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының алдында
42.	Илияс Омаров көшесі, №4, Астана қаласы әкімдігінің «№71 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының алдында
43.	Қорғалжын тас жолы, №8, «М. С. Нәрікбаев атындағы Қаз ГЗУ» акционерлік қоғамы ғимаратының алдында
44.	Басты сағатқа қарама-қарсы орталық саябаққа кіреберістің алдында, Тұран даңғылы бойында
45.	Тұран даңғылы, №24, «Сарыарқа» сауда-ойын-сауық орталығының орынтырақ аумағында
46.	Әзілхан Нұршайықов көшесі, №8, Астана қаласы әкімдігінің «Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының алдында
47.	Тұран даңғылы, №37, «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы ғимаратына орталық кіреберістің алдында
48.	Қабанбай батыр даңғылы, №21, «Азия парк» сауда-ойын-сауық орталығы ғимаратына орталық кіреберістің алдында
49.	III. Шөкин көшесі, №5, «BINOM EDUCATION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Ә. Бөкейхан атындағы «Binom school» мектеп-лицейі ғимаратының орталық кіреберісі алдында
50.	Сығанақ көшесі, №17м, «Жасыл квартал» тұрғын үй кешеніндегі «BI-Group» кенсе ғимаратына орталық кіреберістің алдында
51.	Мәңгілік Ел даңғылы мен Дінмұхамед Қонаев көшесінің қиылысында, №14ғ үйдің бұрышында
52.	Сауран көшесі, №5 және №5д үйлердің бұрышында, «Гиппократ» дәріханасының сол жағында
53.	Достық және Сауран көшелерінің қиылысында, «Керуен» сауда-ойын-сауық орталығы ғимаратының алдында
54.	«Заречное» тұрғын алабы, Аққұм көшесі, №17/1, «Мерей» дүкені ғимаратының алдында
55.	Мәңгілік Ел даңғылы мен Алматы көшесінің қиылысында, «Айсана» тұрғын үй кешенінің бұрышында
56.	Түркістан көшесі, №32/1, «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «International Steppe School of Astana» филиалы ғимаратының орталық кіреберісі алдында
57.	Сауран көшесі, №11, Астана қаласы әкімдігінің «Дулат Бабатайұлы атындағы №89 мектеп-лицейі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының орталық кіреберісі алдында
58.	Түркістан көшесі, №10/1, Астана қаласы әкімдігінің «Әліхан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратына орталық кіреберістің алдында
59.	Мәңгілік Ел даңғылы, №30, Астана қаласы «Есіл» ауданының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының халыққа қызмет көрсету жөніндегі №1 бөлім ғимаратының орталық кіреберісіне қарама-қарсы
60.	Ұлы Дала даңғылы мен Әліхан Бөкейхан көшесінің қиылысында, Ұлы Дала даңғылы бойындағы №13/1 үйдің бұрышында
61.	«Пригородный» тұрғын алабы, Жаңадария көшесіндегі «Хозяюшк» дүкені ғимаратының алдында
62.	«Тельман» тұрғын алабы, Мұғалжар көшесі, №65а, азық-түлік дүкені ғимаратының сол жағында
63.	Қабанбай батыр даңғылы, №62, «MEGA Silk Way» сауда-ойын-сауық орталығы ғимаратына орталық кіреберістің алдында
64.	Ботаникалық баққа орталық кіреберістің алдында, Түркістан көшесінің бойында
65.	Ұлы Дала даңғылы мен №38 көшенің қиылысында, №36 үйдің бұрышында, «Тәт-тәтті» кондитерлік фабрикасының оң жағында
66.	«Самал» шағын ауданы, №11, «Astana Tower» бизнес-орталығы ғимаратының оң жағында
67.	Театр бульварына кірер алдында, Республика даңғылының бойында
68.	Бейбітшілік көшесі, №37, Қазақстан Республикасының Кассаңиялық соты ғимаратының сол жағында
69.	Бейбітшілік көшесі, №9 Гимаратына орталық кіреберістің оң жағында
70.	Желтоқсан көшесінде, «Серуен» жауу жүргіншілер көпірінің алдында
71.	Шәймерден Қосығұлулы көшесі, №9, «Солтүстік» сауда үйі ғимаратының алдында
72.	Нұрғиса Тілендиев даңғылы, №15, «Рахмет» сауда орталығы ғимаратының орталық кіреберісінің оң жағында
73.	«Көктал-1» тұрғын алабы, Алмалық көшесі, №1, Астана қаласы әкімдігінің «Наз» мемлекеттік би театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының алдында
74.	«Көктал-2» тұрғын алабы, Ақмола көшесі, №24, «Көктал-2» сауда үйі ғимаратының алдында
75.	Шәймерден Қосығұлулы көшесі, №24, «Euromall» сауда үйі ғимаратының алдында
76.	Ақан сері көшесі, №20, Астана қаласы әкімдігінің «№5 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының алдында
77.	Александр Герцен көшесі, №86, «Масяня» дүкені ғимаратының алдында
78.	Шабал Бейсекова көшесі, №3, «Ivi Market» сауда үйі ғимаратының алдында
79.	Конституция көшесі, №16, «Сымбат» дүкені ғимаратының алдында
80.	Көктал көшесі, №16, «Көктал» автобөлшектер базарының алдында
81.	Бөгенбай батыр даңғылы, №29 бойындағы «Bezposrednikov1» гүл дүкенінің сол жағында
82.	Иоганн Гете көшесі, №1, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы – «Астана» теміржол вокзал кешені» филиалы ғимаратының алдында
83.	Женіс даңғылы, №62, «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ғимаратының алдында
84.	Бөгенбай батыр даңғылы, №71, «Джафар» сауда орталығы ғимаратының оң жағында, Шоқан Уәлиханов көшесінің бойында
85.	Республика даңғылы, №58, аялдама павильонының сол жағында

ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ҚУАНЫШҚА ТОЛЫ САПАР



ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ АТАНДЫМ

Менің 2022 жылы шыққан «Бір кездері Америкада» атты аударма кітабымды көрген бір лауазымды оқырман: «Сіз Жазушылар одағының мүшесіз бе?» деген сауалына берген жауабыма көңілі толмай: «Сіз сондағылардың қайсысынан кемсіз...» деген сөзі маған қамшы болды. Теміртау қаласында тұратын ақын, жазушы Руза Алдашева мен астаналық журналист, қоғам қайраткері Қайырбек Сәдуақасов ұсыным жазып берген соң, құжаттарымды өткізген едім. Төрт жылдан бері тым-тырыс болғандықтан күдер үзіп қойған болатынмын. Маусым айының бас кезінде Қазақстан Жазушылар одағына маған қоңырау түсті. Мен аудармашы ретінде Жазушылар одағына қабылданған екенмін, енді соның билетін алып кету керектігін

айтты. Мен қуана-қуана пойызға билет алып, 10 маусым күні Алматыға жеттім. Жазушылар одағының кеңсесінде 12 маусым күні салтанатты түрде Жазушылар одағының мүшелік билеті табысталғаннан кейін өзіме тілектес болып жүретін Алматыдағы Мұхтар Әуезов атындағы кітапхана қызметкерлеріне кіріп, қуанышыммен бөлістім. Ол кітапхананың басшысы Балнұр Асқарқызы дүйсенбі күні Мұрат Әуезовті еске алу іс-шарасы өтетінін айтып, соған қатысуға шақырды.

ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ

Алматы қаласы Орталықтан-дырылған кітапхана жүйесіне қарасты М.Әуезов атындағы кітапханада 15 маусым күні көрнекті қоғам қайраткері, мәдениеттанушы ғалым, дипломат, публицист Мұрат Әуезовтің қайтыс болғанына екі жыл то-

луына орай рухына арналған дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға Мұхтар Әуезовтің немерелері – Голландиядан арнайы келген арабист-түрколог, шығыстанушы ғалым Зифа-Алуа Мұратқызы Әуезова мен «М.О.Әуезов үй-мұражайы» ғылыми-мәдени орталығының директоры Диар Қонаев модератор болды.

ҚЫРҒЫЗ ЕЛІНЕ ЖОЛ ТҮСТІ

Ұйымдастырушылардың жоспары бойынша 19 маусым күнгі таңғы 6:00-де Алматының Райымбек көшесі бойындағы Орталық зират алдында жиналды. Ұлы Мұхтар мен Мұрат Мұхтарұлының басына барып, құран бағыштап, әзір тұрған жайлы туристік автобұсқа отырып, ақ жолға аттандық. Жол бойғы көріністерді тамашалап отыруға болатын алдыңғы екі орынды ең үлкен жолаушы ретінде мен және Түркі әлемі Жазушылар одағының әрі «Janp» Жетісу әдеби клубының мүшесі, Бауыржан Момышұлы атындағы рухани-сауықтыру орталығының жетекшісі Айжан Шайқықызымен қатар отырып, жақсы шүйіркелесіп кеттік. Сапарымыз Қордай асуын басып өтіп, шекарадағы тексеріс, жанар-жағармай құйып алу бекеттерінде бөгіліп, 10 сағат дегенде дйттеген Чолпон-Атаның «Gold Assen» қонақүйіне жеттік. Жол қысқарту мақсатында кезектесіп те, бірге де ән салып отырдық. Ортамызда жыр алыбы Жамбылдың шөбересі Бұлан деген өнерлі жігіт болғаны тіпті жақсы болды, Ерболат, Айсұлу, Айжан да қамшы салдырмайтын жандар



екен. Ертемен салтанатты шараға баратын болғандықтан тап-тұйнақтай бөлмелерімізге орналасып, демалдық.

ӘУЕЗОВТЕРДІ ӘСПЕТТЕУ

Чолпон-Ата қаласындағы классик жазушы Мұхтар Әуезовтің музей-үйі аумағында көрнекті мәдениеттанушы, қоғам қайраткері Мұрат Әуезов бюстінің ашылу салтанаты Ыстықкөл халықаралық форумы аясында өтті. Мұрат Мұхтарұлы ертеректе әкесімен бірге осы елде болып, Манас жырына бала кезінен құлағы қанық боп өскен. Оны екі елге төл перзент деуге болады. Салтанатты жиынды ТҰРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев жүргізді. Қазақстанға Қытайдан сапарлап келген Нобель сыйлығының иегері жазушы Мо Янь бұл жиынның құрметті қонағы болды. Салтанатты шараға қатысушылар Мұрат Әуезовтің түркі халықтарының мәдени байланысын нығайтуға қосқан үлесін атап өтіп, оның ғылыми және қоғамдық қызметіне жоғары баға берді. Өз кезегінде белгілі қаламгер Бауыржан Омаров

қазақ пен қырғыз халықтарының тарихи бауырластығына тоқталып, Мағжан Жұмабаевтың «Қырғыз – таудың тарпаңы, қазақ – қырдың құланы» деген қанатты сөзін тілге тиек етті. Ол қос халықтың достығы мен рухани ынтымақтастығы одан әрі нығая беруіне тілектестік білдірді. Бюсттің жамылғысы түсіріліп, шашу шашылды, естелік суретке түсу шаралары өтті. Мұрат Әуезов бюстінің авторы – қырғызстандық белгілі мүсінші Тамила Маматова. Ол бұған дейін музей ауласына қойылған заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің бюстін де жасаған болатын. Әкелі-балалы ұлылардың әруағы Тамилаға разы болсын, Алла қолына дерт бермесін!

ШАЙЫРЛАРДЫҢ ЖЫРЫМЕН ТАНЫСУ

«Тамшы» музейінің бірінші қабатында Мұрат Әуездің рухына бағышталған «Ыр толқыған Ыстықкөл» атты поэзия кеші басталып кетті. Осыдан екі жыл бұрын бұл шайырлар түркітілдес ақындардың фестивалін өткізген екен. Соның нәтижесін Қалдығұл Әкімжанқызы мен Манат Боо-

бекова құрастырып, таяуда ғана Алматыда басып шығарылған жинақтың біршама данасын ала келіп, музейдің жиын бөлмесінде кітаптың таныстырылымы өтті, кітап негізінен қазақтың көрнекті ақындарының қырғызшаланған өлеңдерінен тұрады. Ыстықкөлдің айдынында «Әділет» теплоходының каютасында түскі асымызды ішіп алған соң, өлең оқу мен ән салу палубада жалғасты. Қатысушылардың қара жаяуы жоқ, бірінен соң бірі іліп әкетіп, өнердің көрігін қыздырды. Әсіресе Ерболат Баят пен Бұлан Жамбыл аянып қалған жоқ.

10 жылдан бері Мұрат Мұхтарұлының қолдаушы-досы, көмекшісі, оң қолы болып жүрген публицист, кинопродюсер, «Көшпенділер эстетикасы» бастамашыл тобының мүшесі Қалдығұл Әкімжанқызы Жаныбаеваның арқасында Қырғызстанға барып алғанымды қолымды қусыра отырып мойындаймын, менің жасымнан асып кетсін деген батамды беремін!

Рымбала СМАИЛОВА, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру шаралары туралы» Жарлығына қол қоюы маңызды қадам болды. Әлемдік деңгейдегі саясат ұстараның жүзіндей аударылып тұрған кезеңде Президентіміз кітап оқу мәселесіне не себепті ерекше назар аударды? «Игі істің басына, жақсы келер қасына» деген ұлағатты сөз бар. Болашақ ұрпақтың кітап оқу мәдениеті дамымайынша, зерделі ұрпақ қалыптаспайды.

Қазіргі кезде кітап оқитын көкірегі ояу, көзі ашық ұрпақ қалыптасу үшін жан-жақты жағдай туғызу мәселесі бірте-бірте қолға алынып-ақ жатыр. Әлі де дами түспек. Кітапхана жұмысы жанданып, кітап тарату ісі жүйеленіп, ұлттық әдеби мұраны насихаттау жұмысы жалғасып, сапаны арттыру міндеті атқарылып жатыр. Балалардың кітап оқудағы ынтасын арттыру мақсатында «20 минуттық оқу», «8 минуттық оқу» жобалары жүргізілуде. Биыл «Кітап оқитын ұлт» тұжырымдамасы бойынша «Жылдың үздік 10 оқырманы» жобасы іске қосылады.

Кітап оқу мәселесіне ерекше назар аударылу себебі, біз әлі «Кітап оқитын ұлтқа» айналған жоқпыз. Кітап оқитын ұлтқа айналу үшін ең алдымен «Кітап оқитын отбасына» айналу керек. Осы қадамнан кейін «Кітап оқитын мектепке» айналамыз. Барлық кезеңде кітап оқитындар да, оқымайтындар да болған. Ал қазіргі кезең балаларының әлеуметтік желіде тым көп отыруына байланысты кітап оқымайтындар саны көбейгені жасырын емес. Сол олқылықтың орнын толтыру үшін

үздіксіз әрекет керек. Болашақтан үміт күтіп, жауапкершілікті сезінетін үлкендер, ата-аналар, мектеп ұжымы, ел басқарушылар, бүкіл қоғам болып атсалысуы керек.

«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деп ұлтымыздың абыз жазушысы Әбіш Кекілбаев айтқан екен. 2007 жылы Астанада халықаралық оқу конгресі өтті. Әлемнің 19 мемлекетінен жиналған зиялы қауым көтерген ең өзекті мақаласын, тәрбиелі оқырман тәрбиелеу еді. Классик жазушы Әбіш Кекілбаев өз баяндамасында өркениет көшінде ғылым мен техника қарыштап дамыса да, көркем мәтінді оқудың құндылығын айрықша атап өтті. Оқу конгресінің секция жұмысында «Отбасылық сауаттылық» авторлық жобамның идеясымен бөлісіп, кітап оқу саласындағы өз тәжірибеммен бөліскенімді зор мәртебе санаймын.

Отбасылық сауаттылықтың тамыры тереңде екені тарихтан белгілі. Қан майданда жаудан беті қайтпаған хас батыр Бауыржан Момышұлы неден қорыққан? Ол «Баласына бесік жырын айта алмайтын аналардан қорқамын, немересіне ертегі айта алмайтын әжелерден қорқамын» деген екен. Қазіргі заманның кеселі де осы емес пе? Та-



рих көшін түгендесек, Зере әжесінің зердесінен, шешендік өнердің шебері әкесі Құнанбайдың өнегесінен, Ұлжан ананың даналығынан тәлім алған Абай отбасының ықпалымен адамзаттың Абайына айналды. Асқар таудай алыбымыз, заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің атасы Әуез Абай өлеңдерінің қолжазбасымен сауаттандырды. Осының бәрі қазақ даласында даналарды тәрбиелеген отбасылық сауаттылықтың арқасы дер едім.

Өткенге көз жіберсек, кешегі біздің ата-аналарымыз да газет, журнал, кітап оқитын сауатты адамдар болған.

Келесі толқын біз де кітапқұмар ұрпақ болып өстік. Бірде көрнекті жазушы, драматург Дулат Исабековтің сұхбатын тыңдап едім. «Бұрын маған қазақ даласы үлкен кітап оқитын зал сияқты елестейтін. Барлық адам кітап оқып отыратын. Кенеттен бәрі «дүрк етіп» далаға шығып кеткендей... Кітап ашық тұр. «Оқырмандар залға қашан оралар? Оқырмандар, сендерді кітаптар күтуде» деген еді сонда қаламгер.

Кітапханалар, мәдени ошақтар түгел жабылған, қиы кезең, өліра уақыт та өтті. Енді жаңа ғасыр бастал-

ды. Бұл ғасырдың да өз келбеті, өз жаңалығы, жақсылығы мол, сонымен қатар қиындығы мен мәселесі де жетерлік. Ғылым мен техникамен қоса жасанды интеллект де дамуда. Бәрін меңгеру – мақсат, ал кітаптың орны бөлек. Кітап – ұлттың зерделі ақыл-ойы. Балалардың бойындағы рух пен намыс олардың оқыған кітабы арқылы қалыптасады. Қоғамда ой-сана, құндылықтар, тәрбие мен таным ғажайып кітаптарды оқу, көңілге тоқу арқылы жүректерге жол табады.

Ұзақ жылдық ұстаздық қызметім, өз отбасымдағы кітап оқу тәжірибем арқылы өзімнен кейінгі буынға үлгі көрсету, тәжірибеммен бөлісу аманатым деп білемін. Қазіргі кезде Астана мектептерінде «Оқу клубтарын» ашып, балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын ата-ана, ұстаздармен бірлесе отырып арттыруға тынымсыз әрекет жасаудамыз. Халқымызда «Қалауын тапса, қар жанар» деген тәмсіл бар. Кітап оқудың түрлі әдісі мен жолын тауып, оқу ортасын құра білсек, кітап оқымайтын бала жоқ. Қала мектептерінде «Оқу клубтары» жұмысын жүзеге асыруды Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы «Профессор сабағы» жобасы аясында дамытудамыз. Бұл істі оңай деп айта алмаймын, бірақ болашақ үшін қадірлі әрекет.

«Бала – балқытылған алтын, оны қандай қалыпқа құйып, нендей мүсін жасайтыны – тәрбиешінің қолында» депті дана халқымыз. Ендеше Президентіміздің «Кітап оқитын зерделі ұлтқа айналу» идеясын қолдайық!

Алтын MOMЫНҚҰЛОВА, ардагер ұстаз

№87 (4985) 25/07/2026 Сенбі

ФОТОКӨРМЕДЕ – ҚАЛА ТАРИХЫ

ҚР Президенттік орталығында «Тәуелсіздіктің мәдени коды» жобасы аясында қазақстандық фототілші, өлкетанушы және елорда фотошежірешісі Нұрмұхамет Имамовтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Н. Имамов: 100 жыл. 100 сәт» ретроспективалық фотокөрмесі ашылды.

Жоба Президенттік орталықтың ұйымдастыруымен Қалалық туризмді дамыту орталығы қауымдастығының, Астана гидтері клубының және Қазақстан темір жолы музейінің қолдауымен жүзеге асырылды. Көрме фотошебердің шығармашылық мұрасында көрініс тапқан елорданың тарихи-мәдени көрнекі мұрасын сақтауға бағытталған.

Экспозицияға Целиноград, Ақмола және қазіргі Астана қалаларының тарихын, сәулетін және даму жолын бейнелейтін 100 бірегей архивтік фотосурет қойылған. Нұрмұхамет Имамовтың туындылары қаланың бірнеше онжылдықтағы эволюциясын, сәулеттік келбетінің, қоғамдық өмірі мен күнделікті тыныс-тіршілігінің өзгерісін айқын көрсетеді.

Көрменің тұжырымдамасы өткен

мен бүгінді тоғыстырған көрнекі сұхбат қағидатына негізделген. Мұрағаттық фотосуреттер қазіргі елорданың келбетімен үндесіп, ұрпақтар сабақтастығы мен тәуелсіз Қазақстанның тарихи даму жолын айшықтайды.

Экспозиция төрт тақырыптық бөлімнен тұрады. Олар Нұрмұхамет Имамовтың өмірі мен шығармашылығына, Целиноград-Ақмоланың тарихына, елорданың дамуына үлес қосқан тұлғаларға және қазіргі Астананың келбетіне арналған. Соңғы бөлімде балалар мен жастар бейнесі арқылы Қазақстанның болашаққа ұмтылысы, жасампаздық рухы мен ұрпақтар сабақтастығы көрініс тапқан.

Нұрмұхамет Имамов – Ұлы Отан соғысының ардагері, Пе-2 сүңгуір бомбалаушы ұшағында атқыш-радиост қызметін атқарған. Соғыстан кейін театр



суретшісі және радиомеханик болып еңбек етіп, кейін фотосурет өнеріне ден қойып, туған өлкенің маңызды тарихи кезеңдерін өз туындыларында сақтауды өмірлік мақсатына айналдырды. Қырық жылдан астам уақыт «Акмолинская правда» және басқа да басылымдарда фототілші болып қызмет атқарып, елорданың қалыптасу тарихының бірегей фотошежіресін жасады.

Бүгінде фотошебердің құнды архивін сақтау және цифрландыру жұмыстарын оның ұлы Ринат Имамов жалғастыруда. Архив материалдарының бір бөлігі www.imamov.kz ресми сайтында қолжетімді.

Көрмеге қойылған 100 фотосурет – жай ғана деректі шежіре емес, елорданың тарихын оған бүкіл ғұмырын арнаған шебердің көзімен танытатын баға жетпес мәдени мұра.

Көрме 24 тамызға дейін жалғасады.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

СЕГІЗ ЖАСАР ЧЕМПИОН

Тоғызқұмалақтан Астананың жасөспірімдер құрамасының мүшесі Қасым Ернатұлы жақында елордамызда өткен Балалар мен жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының XXV жекекей чемпионатында 2 дүркін жеңімпаз және күміс жүлдегер атанды. Бұл чемпионатта Қасым барлық қатысушылар арасынан тоғызқұмалақтың 3 түрінен жеңіс тұғырына көтерілген жалғыз спортшы болды.

Қасым 9 жасқа дейінгі балалар арасында Астана тарихындағы алғашқы алтынды жеңіп алды. Әрі бір емес, екі алтын медаль. Тағы бір ерекше жайт, қарсыластарының 10-ы спорт шеберіне үміткер және Қасымнан бір жасқа үлкен еді. Бұл Астана қаласы Тоғызқұмалақ федерациясы және Астана қаласы әкімдігі №3 Олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің шынайы қолдауының, сонымен қатар Астана қаласының тоғызқұмалақтан жасөспірімдер құрамасының аға жаттықтырушысы Гүлнар Базаралиева және Биғали Зікірияев, Лияс Мұхаметжан сынды білікті бапкерлердің бағыт-бағдары мен ұстаздық ерен еңбегінің арқасында қол жеткен үлкен жетістік.

Қасым бестемшеден бастаған. Бестемше – тоғызқұмалақтың балдырғандарға лайықталған жеңіл нұсқасы. Онда 50 ғана құмалақ болады. Бестемшені 6 жасында №69 «Еркем-ай» балабақшасында Гүлжайна Бигелдіқызынан үйренді. Ал жалпы бестемшені балабақшаға директоры Марал Күлкенқызы енгізген. Кейін сол балабақшаға Мақсат Шотаев келді. Қасым балабақшаны бітірген соң Мақсат Есенбекұлының шәкірті, Әлем чемпионы Құндыз Есіркептен алғаш рет тоғызқұмалақ үйренді. Негізі Қасымның ұстаздары көп. Атап айтқанда, Нұржан Қонарбаев, Жеңіс Нұрпейісов, Ділназ Ерниязова, Гүлнар Базаралиева, Биғали



Зікірияев, Лияс Мұхаметжан. Сонымен қатар, арасында Әлішер Танкаев, Бибатыр Нұржан, Әзімхан Махмұтжан, Ақиқат Исатай, Болат Садықовтан да сабақ алды.

Қасым Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының президенті, мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Байменовтың батасын алды. Ол жас талапкерге ағаш тоғызқұмалақты сыйға тартты. Тоғызқұмалақшы ғалым, бірнеше кітаптың авторы Мақсат Шотаев та жарыс сағатын тарту етіп, батасын берді.

Қасымның тоғызқұмалақ пен мате-

матикаға деген ерекше ынтасы мен қабілетін аңғарған сынып жетекшісі Шынар Бұсұрман 2 сыныпта Астана қаласының «Дарын-Зерде» ғылыми жобалар сайысына қатыстырды. Ұстазы екеуі тоғызқұмалақ пен математиканың өзара байланысын зерттеп, «Ұлттық ойынның математикалық қыры» атты тақырыпта еңбек жазып шықты. Ұстазының бағыт-бағдарының арқасында Қасым қазылар алдында ғылыми жобаны өте жоғары деңгейде қорғап, II дәрежелі дипломмен марапатталды. Осы ғылыми жоба аясында Қасым сыныптастарына тоғызқұмалақты алғаш рет таныстырып, сауалнама жүргізіп, магнитті тақтаны пайдаланып, есептер шығартып, қатарластарының қызығушылығын оята білді. Қазір мектепте білікті бапкер Әлішер Танкаевтың жетекшілігімен «Тоғызқұмалақ» үйірмесі өтеді. Жаз кезінде де үзілмей, жалғасып жатыр. 40-қа жуық бала қатысады. Арасында Астана қаласының және республика чемпионаттарында бақ сынаған дарынды жеткіншектер бар.

Қасым жуырда «Balapan» телеарнасындағы «Balapan Live» бағдарламасында қонақта болып, тікелей эфирде арманын жеткізді. Ол биыл тоғызыншы айдың тоғызындағы Дүниежүзілік Тоғызқұмалақ күнінде президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен ұлттық зияткерлік ойынды бірге ойнағысы келетінін айтты.

Елорданың Өнер музейінде ұлттық құндылықтарды заманауи форматта дәріптеуге арналған «AQSUIEK OPEN AIR» атты ашық аспан астындағы танымдық-интерактивті кеші өтті.

ӨНЕР МУЗЕЙІНДЕГІ «АҚСҮЙЕК» КЕШІ

Кештің басты ерекшелігі – дәстүр мен жаңа заманның үйлесім табуы. Негізіне қазақтың көне ұлттық ойыны «Ақсүйек» алынған бұл жоба ұлттық мұраны жаңа мазмұнда көпшілікке ұсынды.

«Ақсүйек» – қазақ жастарының зердесін, шапшаңдығын, байқампаздығы мен тапқырлығын шыңдаған ұлттық ойын. Ерте заманда бұл ойын көбіне айлы түнде өткізіліп, жастарды ұйымшылдыққа, достыққа және ұлттық дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеген. Ақсүйек іздеу арқылы қатысушылар ептілігін, зеректігін сынап, ойын-сауықпен қатар тәлім-тәрбие алған.

Ал «AQSUIEK OPEN AIR» кешінде осы дәстүрлі ойынның идеясы жаңа форматта ұсынылды. Бұл жолы сүйек жасырылмады. Оның орнына қатысушыларға қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарына қатысты қызықты сұрақтар қойылды. Әр сұраққа дұрыс әрі жылдам жауап берген қатысушылар ұлттық аспаптар мен арнайы сыйлықтарға ие болды.

Кештің негізгі мақсаты – халқымыздың бай музыкалық мұрасын кеңінен таныстыру, ұлттық аспаптардың тарихы мен ерекшеліктерін қызықты әрі интерактивті тәсіл арқылы насихаттау. Осылайша, «Ақсүйек» ойынының ізденіс, білім, тапқырлық және достық бәсеке рухы бүгінгі кеште жаңа мазмұнда

жалғасын тапты.

Өнер музейіне тегін экскурсия ұйымдастырылған кеш аясында JOSHU QAZAQ National Group дәстүрлі лекция-концерт пен ұлттық өнердің көркем үлгілерін ұсынды. Алтыбақан жанында шығармашылық батл ұйымдастырылды. Сондай-ақ QR-код арқылы сөз табу интерактивті ойыны өткізіліп, жеңімпаздарға қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары сыйланды. Кеш барысында халық арасынан шыққан өнерпаздар да өз өнерлерін көрсетіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Ұлттық мұраны жаңа көзқараспен танытқан бұл кеш қазақ мәдениетінің өміршендігін, дәстүр мен заманауи өнердің өзара үндесе алатынын тағы бір мәрте дәлелдеді.



ЖЕҢІЛ АТЛЕТШІЛЕР ЖЕТІСТІГІ

Елордада жеңіл атлетикадан ересектер арасындағы Қазақстан чемпионаты өтті. Ел біріншілігіне Қазақстанның 17 өңірінен 265-тен астам спортшы қатысып, 48 жеке сайыс түрі мен эстафеталық жарыстарда бақ сынады.

Аталған чемпионаттың қорытындысы бойынша биылғы Азия ойындарына қатысатын Қазақстан ұлттық құрамасының құрамы жасақталады. Жарыс нәтижесінде Астана қаласының спортшылары 2 алтын, 2 күміс және 5 қола медаль жеңіп алды.

Алтын медаль иегерлері: Виктория Ан – 100 метрге жүгіруде (11,90 секунд); Виктория Ан – 200 метрге жүгіруде.

Күміс жүлдегерлер: Анастасия Колода – 400 метрге кедергілер арқылы жүгіру (58,11 секунд);

Екатерина Колода – 800 метрге жүгіру.

Қола жүлдегерлер: Ұлар Қуандық – 20 шақырымдық спорттық жүріс (2:17:21.24); Екатерина Колода – 400 метрге жүгіру;

Руслан Құрманалиев – 100 метрге жүгіру (10,96 секунд); 4×400 метрлік аралас эстафета - Анастасия Колода, Екатерина Колода, Расул Қадыров, Асқар Амержанов; 4×400 метрлік ерлер арасындағы эстафета - Асқар Амержанов, Расул Қадыров, Владислав Смирнов, Нұртас Серікұлы.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300 **Тапсырыс № 87** Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 **Редакция мекенжайы:** 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

✉ **Va-reklama@mail.ru**
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА